

12007  
40664



Гариф Ранат Байсанов



# **Сапар БАЙЖАНОВ**

---

**Сапар БАЙЖАНОВ**

---

**УШ ТОМДЫҚ  
ТАҢДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАР**

**ЕКІНШІ ТОМ**

**“Елорда”  
Астана – 2006**

# **Сапар БАЙЖАНОВ**

---

**ҮШ ТОМДЫҚ  
ТАНДАМАЛЫ ШЫГАРМАЛАР**

**ЖҰМБАҒЫ МОЛ СЫРЛЫ ӘЛЕМ**  
*(повестер, эсселер, әңгімелер)*

**ЕКІНШІ ТОМ**

2

“Елорда”  
Астана – 2006

ББК 84 Қаз 7-44  
Б 17

**Байжанов С.**

Б 17 Жұмбагы мол сырлы әлем. (*Повестер, эсселер, әңгімелер*). II том.  
— Астана: Елорда, 2006. — 368 бет.

ISBN 9965-06-414-8

Таңдамалы шығармалардың “Жұмбагы мол сырлы әлем” деп аталған екінші кітабына жазушының көзі тірісінде жарияланбаған “Кияңқы тағдыр”, “Әке” повестері мен “Алманың дәмі”, “Жұлдызы жанбаған, маздаған махаббат”, “Кеш оянған арман” атты әңгіме, эсселері және “Ойтолғақ” деген атпен өмірде өзін толғандырған мәселелер төңірегіндегі жазбалары енді.

Б 4702250201-366  
450(05)-06

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-414-8

© Байжанов С., 2006  
© “Елорда”, 2006

---

## **ЖҰМБАҒЫ МОЛ СЫРЛЫ ӘЛЕМ**

*(Алғы сөз орнына)*

Күллі адам баласының жарық дүниедегі тірлігінің бір тетігі десе де болар ма еді, оны. Онсыз дүние қараң деп тә айтылатын сездер бар.

Дүниеге інгеләп нәресте келеді. Оған деген ана іңкәрлігінде, әке іңкәрлігінде шек бар ма? Осынау сезімге өлшем болар ешнәрсе жоқ, болмақ емес, сірә да!

Жігіт пен қызы жүргегі ұғысады, бірін-бірі аңсайды, бірінсіз бірі тұра алмайтын, өмір сүре алмайтын халге келіседі. Ағарандап таң атқанда да, қызырып күн батқанда да, түнгі айдың жарығында да, үйде де, түзде де, сағат сайын, сәт сайын ғашықтар жүргегі әсте тыным алмайды, бірін-бірі іздеумен болады. Ішсе ас батпайды, жатса үйқысы келмейді. Өнінде емес, түсінде де бірін-бірі іздел жүреді. Бірге болуды аңсайды, армандаиды, бірге болуды, бірге жүруді, бір шаңырақ астында тірлік кешуді бақытына балайды. Қос жүректі де “екі жарты – бір бүтін” дегізгендей бір-бірінсіз ділгер етіп өзге дүниені ұмыттырып қойған не құдірет?..

Махаббат дейтін құдірет...

Еркек – занғар тұлғалы тау, әйел – қырмызы, гүлге ма-лынған жазира майса сынды. Асқақтық пен Сұлулық осылай егіз жарасып, қатарлас біріне-бірі қызығын қоймайды, қызығына тоймайды, сірә. Бірінсіз бірі ренсіз, бірінсіз бірі мұнды секілді, өзара құштарлықтан-ау, бәрі!..

Жас отау ынтымағының, береке-бақытының да бастауы, нәр-қуат алар арнасы да осы құштарлық – мәлдір шуакты, аялы сезімде.

Адам жаның, аңсары мен құштарын тылсымымен баурап, тұтасымен билеп, айтқанына көндіріп, дегенін істет-кізбей қоймайтын махаббаттан өзге сиқырлы, құдіретті құшті нәрсе дүниеде жоқ екеніне иланыңыз.

Махаббат жолына адам бәрін де құрбан етеді, өмірін де қияды, көzsіз ерліктерге тәуекел ететін ауыр қылмыстарға арандайтын кездері де аз емес.

Махаббат қызық та қын әлем, азабы мен рахаты бірдей әлем. Жүрекке от құяды, көнілге қанат бітіреді, асқар армандарға жетелейді. Күйдіріп, жандыратыны да бар. Зарықтырып, жылататыны да бар. Қылған көз де, жан үйитар сөз де, сұлулық та, күш те, шарап та, ақша да, “алпыс екі айла мен құлық-сұмдық та, алдау мен арбау да – бәрі оның жолына сарп етілетіні аян. Патша да, батыр да, өткір тілді шешен де, өнерпаз дұлдул де оның алдында құлдық ұра бас иген. Демек, шын махаббаттың құдіретінен күшті нәрсе жоқ десе болар!”.

Махаббат – отбасы ынтымағы мен жарастылығының алтын қазығы, мәусін төккен сұлу бәйтерегі деуге де сыяр ма сі? Бәйтерек болатын себебі ғұмыр бойы күтімді, деміл-деміл суарып тұруды тілейді. Қараусыз қалса, иесіз-күтімсіз қалса, қуарады, қатып-семеді, күндердің күні өледі, өшеді...

Күн шуағындай, ай сәулесіндей мәңгі сөнбес, ортаймас жарық нұр ғана оның жаны...

Ол табиғаттың өзіндей мәңгі жас, сұлу, нәзік, пәк, күдігі мен құпиясы да шексіз, сыршыл әлем; мәңгі түрлене тұлеуден, құлпыра жаңғырудан жазбайтын, кенен де байтақ, ерке әлем. Күн мен Ай табиғаттың ұлы мен қызы болса, махаббат оның көрікті де қылышты келініндей елестейді маған...

Махаббатқа мәңгі жастық, мәңгі еркелік жарасқан. Кісеншідерді, бұғалықты жақтырмайтын “өйтпе де бүйтпеге” көнбейтін, еркіндікті қалайтын, қайталанбас соқпағы мен сұрлсуі де, құпиясы да риясыз тірлік. Дүниеде қанша адам болса, сонша махаббат, қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Осынау жұмбағы мол сырлы әлемде Алланың үйғарымымен маңдайға жазыған тағдыр адамның алдына сан қили сыйын тартады. Соған қарай біреу махаббаттың бал шырынын татып, бақытты ғұмыр кешсе, енді біреулер тағдыр тәлкегіне түсіп, махаббаттың уын ішеді. Адамның өмірі – алланың маңдайға жазғаны. Тағдыр, не сыйлар екенсін?

## **ҚИЯНҚЫ ТАҒДЫР** (повесть)

Алматы күні бұғін де бұлыңғыр. Ептең қана бүркіп, жаңбыр сіркіреген-ді. Жер шылқып жатыр. Күзге салым осындай күндер көбейетіні бар. Басқан аяғыңың асты шылп-шылп етіп, шұлығыңа шейін былғайды. Аспанға қарап, күнді іздейсін. Қай тұста екені беймәлім, аспан күмбезі күнгірт тартып, мұнартады да тұрады. Гүлдария осындай көңілсіз күндерді жаратпайды, Қүнгірттік емес, ашықтық оның қалайтыны. Жауғысы келсе, жауып-жауып тынбай ма? Жылбықсыланған жыланқы жаңбыр жаңын мезі етеді. Мұның ең жаманы, не оңайлықпен басылмайды, не ашылмайды. Жігерінді құм етеді, еңсенді басады. Шым-шым ғана бүркіп жыламсыраған жаңбырға назаланғандай кейіппен келіп еді, үйіне келген соң, көңілі одан сайын қабармаса, шырайланған жоқ. Сірө, Балтоты әлі сабактан келмеген. Қызы үйде болса, кешкі асты әзірлеп қоюшы еді. “Мамочкалап” алдынан жүгіріп шығар еді, мұның сырт киімдері мен қолшатырын жалма-жан жүгіргіштеп, қолынан іліп әкетер еді. Балтоты жоқ, мінски екі бөлмелі үй қаңырап, бос қалғандай. “Бір-екі сағат кешіккенге көңілім бүйтіп қоңылтақсып, жалғызырымын, бойжетіп қалған бала күндердің бір күні күйеуге шығып кеткенінде халім не болар екен?” – деп бір ойлады.

Не піскен тاماқ жоқ, ыдыс-аяқтың жинаусыз, бейберсектет жатқаны анау. Енді бұл алқын-жұлқын тاماқ әзірлеғенше қай заман?!.. “Айdos берекесіз тағы да әлгі сүмелск жолдастарымен келіп кеткен-ау? Стол астында қылтиып жатқан “Жигули” сырасының үш-төрт бос шөлмегі, тәрелкенің ішінде жатқан шылым тұқылы мен күлі солардың әрекеті емей не дерсін? Жұмыртқа қуырып жепті. Тоңазытқыштағы колбасаны да құртқан. Тым болмаса, отырған орнын жинастыра кетуге мойындары жар бермейтінін қайтерсін, рабайсыздар.

Ренжігеннен не өнеді, тездетіп, бірдене қамдамасқа лаж қайсы?.. “Жұмыстан кейін үйде боласың ба? Кешкүрим кіріп шығармын” деп телефон соғып еді-ау, мана, Алуа.

Майға картоп қуыра салайын, келе қалса, құр ауыз шықпасын. Үйіне барсан, барын аузыңа тосады ол келіншек” деген оймен тез-тез картоп аршуға кірісті... Енді бірде тerezеге қарай мойның созып, қарсы үйдің астындағы азықтұлік дүкеніне көз салып еді, көп жыпырлаған адам көрінбейді. “Ет, колбаса бірдене әкелуге уақыт тар, тоңазытқышта ет-мет дайын тұрса, картопты етпен қуырсам, Алуаның алдында онды болар еді-ау” деген де ой келіп еді, оның реті келмеді. Сөйткеніше болған жоқ, есік шылдырлады. “Балтоты келді ме?” деп, ұшып барып, есік ашты.

— Ә, Алуа?.. Кімді ойласаң, сол келеді деген ып-ырас, әлгінде ғана өзінді ойға алып ем... Кел, кел, төрлет, — деп құрбысының ернінен шөп дегізіп сүйіп алды. — Түү, әжептәуір су болыпсың ғой, жаңбыр әлі жауып тұр ма?.. Осындай ыбылжыған жаңбырды жаным жаратса, бұйырмасын.

— А-а? Ал, мен осындай жаңбырды өте жаратамын... Жаңбыр жауса, жаным кіреді. Осындай жаңбырда қыдырғанды жаратамын... Қасында жаның қалайтын адам болса, көлтығының астына кіріп, жабысып, оның бетіне де, сениң бетіңе де жаңбыр тамшылары себелеп, кірпіктеріңе тамған тамшыны үрлеп, түсіре тұрып, мұрнынаң, иегінен шөпшөп сүйіп аласың...

— Қай-қайдағыны айтасың-ау, сен осы, Алуа... Мұрынан сүйгені несі? Сүйген соң, ернінен сүймейсің бе?

— Ә-әй, Гүлдән-ай, білмейсің ғой, білмейсің ғой... Шын ғашық болып көрмегенсің-ау. Ғашық адамның қай жерінен сүйсе де бәрібір емес пе, сүйсек болды ғой... Тіпті, жанасып, денесі денене тиіп кеткені не тұрады?.. Шын ғашық адамдарға қар да, ұйтқыған боран да, ештене бөгет бола алмайды.

— Тұ-у, Алуаш, сен өзің осы біреуге ғашық болып жүргеннен саумысың?.. Қане, шешің, шешің, — деп құрбысының үстіндегі жеңіл плащын ала берді.

— Ғашық болса несі бар?.. Ғашық болу қолдан келмес дейсің бе?

Алуа қөгілдір көзін жалт еткізе бір қарады да, көзілдірігін ала беріп, жалма-жан орамалымен сұрткілей бастады.

Қос құрбы шай мен қуырдақты ортаға алып, әңгімеге сінді кіріскені сол еді, телефон безілдеп қоя берді.

— Ал-о-о! — Гүлдария телефон құлағын көнілді қалпында көтерді. Дауысы сыңғыр стіп естілді. — Ау?.. Иә?.. — Оні бірден сұып сала берді. Көзі бағжысып, кірпіктері шап-

шаң-шапшаң қағылып кетті. – Не көкіп тұрсын, сен салдақы?.. Мен жіберді деп тұрмысың?.. Есін дұрыс па?.. Сен қатын бүл байға тигеніңе қанша жыл болды? Он жыл ма?.. Ендеше, осы он жылда Айдосты қанша мәрте жіберіппін, әкен үйіңе бар деп?.. Немене сандалып тұрсын, сандалған байғұс?.. Мен шешесі болсам, ол әкесі... Барса, әкесінс барады!.. Сен салдақыға барады деймісің?.. Бүйтіп сандалма, сен қатын байымды қайтып бер деп қашан бардым мен саған?.. Түзегіш болсан, байынды түзе, менде не ақың бар?.. О несі-ей, маған сандалып. Өйтіп, басымды қатырма менің... Ақыл айтқыш болсаң, ана қойныңда жатқан әкесіне айт! Түзесін баласын, емдетсін!.. Мен шешесі болсам, сен де шешесің оның... Әкесінің қойныңда жатқанды білесің, баласын үйіне жолатқың келмейді.. Ол қайдан шыққан заң? О несі-ей, сандалған... – деп бастырмалата-бастырмалата төпеп салды да, трубканы лақтырып таstadtы Гүлдария. – О несі-ей, сандалып, мені жазғырғаны қай сасқаны?.. Мен жіберіппін бе, ол бұзақы, берекесізді?.. – деп тұтіге сөйлеп, алқына басып келіп, орнына отырды... Алua не дерін білмей, аңырая, қараң отырып қалды.

– Айдосты айтады баяғы... Ішіп алып, әкессінің үйіңе барса керек... Арақ бер немесе ақша бер дейтін көрінеді. “Сен балаңды біздікіне неге жібересің?” дейді маған... Өй, сандалған ұябұзар... Әкесіне айтпай ма, айтқыш болса, балаңды түзе, тәртіпке шақыр деп... Маған телефонмен бақылдағаны несі, байғұс?.. Күйіп кеткенімші, кешір, кешірші, Алуш. Адам күйіп кетеді екен... Шыдамайды екен. Мен жетісіп жүр дей ме екен, салдақы. Олардың айында, жылында бір көрген құқайы... Ал, мен ондай құқайды күнде көремін фой... Күнде көремін... Е-е-е!..

Екі қолымен бетін басып, еңіреп қоя берді Гүлдария.. Алua не дерге білмей, сасып қалды.

– Қой, қой... Сабыр етші, сабыр етші азырақ, Гүлдән... Оған неге кейисің?..

– Жок, деймін-ау... Мен ол бұзақыға не істеймін? Не істей аламын?.. Ұрамын ба, соғамын ба?.. Ұруға шамам да келмейді фой, сомадай бәлеге... Айтпайды деймісің?.. Айтудай-ақ, айтамын. Күндіз де, тұнде де қақсаймын. Айтудан бірдене өнетін болса, айтудан кенде емес... Менің өзімді жеп құртады фой, ол бәле. Әкесі бір жеп еді жарым

жанымды, енді қалған жарым жанды осы тажал баласы жеп күртатын болар, тегі... Шаршадым, қалжырадым...

Гүлдария бет-аузы кемсендеп, көзінің жасын сыйып-сыйып алды. Телефон тағы да шылдырлады.

– Ало-о?.. Айдос жоқ... – Гүлдария әлі де өзін-өзі келе алмай, трубканы ұрғандай сілкіп, баса салды.

– Сен бүйтіп, не болса соған жаси берсең, нең қалады? Кімнің дүниесі түп-түгел болып түр дейсін... Тіршілік деген сол, әне...

Алуа бәрін көріп отырып, үн-түнсіз қалуға шыдамай, осындауда үлкен кісілердің аузынан сан естіген сөздерін айтып алды.

– Жұмыс, бірденеге орналастырмадың ба, ол баланы?..

– Жұмыс істеп ондыра ма, ол бәтуасыз? Он күн істейді де, “к черту” деп қайтып кеп отырады. Олар жұмыс істесе кошени кім таптайды? Сорлыға сорлы балық жолығады деп, өзі секілді сүмелек бозөкпелер айналдырып жүреді сорлыны. Жә, сенің де басынды қатырдым фой, кешірші, Алуаш... Шай ал, дәм ал, дым алмадың фой? Соған деп пісіргем. Суып та қалды-ау? Әлгі қатын фой, қараптан-қарап отырғанда соқтығып, жынымды келтірген. Қыстығып жүрген мен байғұс та біраз шаптықтым-ау деймін... Үят-ай...

Осыны айтты да, бетін бір шымшып, жанары жалтылдай отырып, ернін көлегейлей, кеңкілдей күлді Гүлдария.

– Әлде, бірер рөмке құрғақ шарап ішіп алсақ қайтеді екен?

– Қайтесің соны?.. Құймай-ақ қой!

Гүлдария оны тындаған жоқ. Аузы бұрын ашылған, ұзын мойын жуантық қара күрең шөлмекті қисайта, құрғақ шарапты кішкене екі рөмкеге құйды.

– Ә-ә, айтпакшы, қауынмен ауыз дәмдесек те болар, – деп қос уысқа сыйғандай сары домалақ әңгелекті әкеліп, тілімдеп кесті. Қою қара шашының майдайына қарай құлаған бөлігін төбесіне қарай жайымен ысырып қойып, қалың касын кере, күлім қағады. Әлгіндегі ашу мен қайғы ғайып болғандай. Жанары үшқын шашады.

– Кел, кел, Алуаш... Мынаны алып қой да, көніл сергітіндей бір әңгіме айтшы. Фашық екенің рас па? – Тісін аксита өз-өзінен сықылықтай күлді Гүлдария. Алуа оның сұрағына жауап бермеді, көніл-күйі бірденеге алаң секілді. Сәл мең-зен отырды да:

– Ішім пысып жүр, – деді. Жанарында кіреуке бар, қабағын кірбің еткізді.

– Менің де ішім пысып жүр сондай! – деді Гүлдария жұлып алғандай, әлденеге жаныға сөйлеп.

– Ендеше, бір-екі ән айтшы?.. Әнніңде сағынып жүрмін. Әлгі, аты қандай ән еді, тілімнің ұшында түр... “Көзіңмен қадалып қарайсың” деуші ме еді, қандай еді?..

Гүлдария домбырасын алып келді. Құлақ күйін тексеріп, өүелі саусағымен дыңғырлатып, қасын кере, көзін сүзілте азын-аулақ отырды да, ән әуенін бастады.

– Осы ма? Қай ән екені есінде түсті ме?

– Ұқтым. Ұғып отырмын. “Қарамашы, қадамашы көзіңді” ғой?

– Дәл өзі. Бәсе, сөзінде әйтеуір, сондай көзге байланысты келетін жері есімде қалыпты.

Гүлдария жаны жайсан қүйге көшкендей. Домбыраның қоңыржай үнін себелей қамшылап, мамырлай басталған әсем ән қайырымдары қарлығаш қанатында серпіле, жарқылымен жанынды қытықтайтын секілді. Сөздері қандай үйлесімді! Әннің отты, сазды әуезі жүректі шым-шым шарпып, жанынды арбайтын, дуалайтын секілді.

Гүлдарияның осындағы ән қанатымен серіленген шағында көрсөн, шіркін! Жанары жалтылдап, нәркес сұлу кірпіктері кербез керілген қабақпен бірге бірде сүзіле, бірде ілкім серпіліп, улбіреген еріндер дірілдегендей бола ма, әйтеуір, тұла бойы лапылдай, ән қуатымен әлдилей баурап, ғажайып бір жайсан қүй кешеді. Алуа жаны алаулап, аңсағаны болғандай, алпыс екі тамыры исініп, сиқырлы сезім құшағында қалғанын сезді. Кекsep келгені осы еді! Осы ән еді, әннің сезім пернелерін тап басқан сөздері еді...

Қарамашы, қадамашы көзіңді,  
Оятарсың өткір, тентек сезімді.  
От қүйдірер, жанып кетсем, лапылдап,  
Ая, сәулем, ая мені, өзінді...  
Ая, сәулем, ая мені, өзінді...

Ән аяқталды. Бірақ Алуда әлі ән құшағында жаны тербетіліп, тебіреніп отыр. “Ая, сәулем, ая мені, өзінді...” деп көңіл күмбезінде әлдебір сиқыр сезім күніренгендей болды.

– Осы ән бе еді?!

– Иә дәл осы ән!.. Ғажап ән!..

Осыдан кейін-ақ әңгіме тиегі ағытыла берді. Фашықтық екенін, басқа екенін өзі де білмейді Алуа, әлденеге көңлі алабұртып, алып ұшып, әлдене күткендей бола ма, қайдам? Мадияры биыл он бірге аяқ басты. Іштен шала туған дімкәс бала емес пе, сол кемтар болмай, қатарынан қалмай, ширығып өссінші деп, қаршадайынан алақанына салып, аялап-ақ келеді. Қол-аяғы қызы баланықіндей, нәзіктігі болмаса, шүкір, бойы таралып, кәдімгідей шып-ширақ жеткіншектер қатарына ілігіп қалды-ау. Музыкаға бейімдейін бе деп, әрекеттеніп көріп еді, оған баланың бәлендей құлқы соқпайтыны байқалады. Одан гөрі, сурет салуға зауқы бар ма, білмейді. Өздерінің Пионерлер сарайындағы үйрмеге жазғызған. Оны-мұны шимайлап, салған болады. Бірақ та, соңғы кезде, әсірессе, биыл жазда өзіне ілесіп, паркке, теннис спортына барғыштап жүр. Әлі бойы да, тұрпаты да қораш, қолы да әлсіз екеніне қарамай, үйренем де үйренем деп болмайды, жазған бала. “Балаңды сртіп барсайшы, сен де тенниске” дейді Сәрсенге. Көне мс, Сәрсен?.. Кежегесінен кейін тартады да тұрады жазған. Жалқаулығы жіберсін бе? Ал, бала байғұс мұнымен тенниске бара жүріп, Сардар Камаловичке үйір болып барады.

Профессор Сардар Камаловичті білесің фой, Гүлдән?.. Алтын қолды дәрігер ғана емес, мінезге де бипаз, балаға да елпілдеп тұрган елгезек кісі фой. Сол кісіге еті үйреніп қалған балам бір күні “Сардар Камаловичке тұрмысқа неге шықпағансың?” деп тұр. Не дерімді білмей, тілімді тістей қалдым? “Неге?” деппін бар болғаны. Бала деген қу емес пе? Бәрін байқайды фой... Менің де ол кісіге елпілдеп тұрғынымды, ол кісінің де бізге ілтифаты алабөтен екенін көрмейді деймісін? Кісіні тартып тұратын бірденесі бар фой сол кісінің. Содан бері корқайын дедім. Сенсең, өзімнен өзім қорқамын. Баламды теннистен қалай аулақтатып әкетерімді білмеймін?.. Әлде, өзім де теннис ойнауды қоямын ба?.. Қояйын десем жәнс қимаймын?! Дал болып жүрген жайым бар, Гүлдән.

Әңгіме ширатыла келе, Алуа осы алуандас қамкөніл сырларын құрбысына айтып отырды. Әңгіме аса ұзақ болмағанымен, сыршыл әусенмен ұласты. Тек ара-арасында

телефон маза бермей, бөле берді. Айдосты, Балтотыны сұрағандар, баяғы. Қазір Гүлдәнді емес, соларды іздегендер көп.

— “Осындаі бір адам құсап, әңгімелескенде, қасақана безектеп кететін не жыны бар, осы телефонның?.. Бізден қысыр әңгімені де қызығанғаны ма, құдайымның?.. Әлгі бір звондаған менімен бірге істейтін Кәмеш деген келіншек. Әй, бір аяңкес, қу болғанда қу. Жұмыс істегенінен, демалғаны көп. Қит етсе, бюллетенъ алада да, шалқып жатады. Онын ауруларын біз қабылдаймыз. Алты сағат орнына, сегіз-тоғыз сағат қақып тұру оңай ма? Біздің жұмыста алдымен көз талады. Инемен құдық қазғандай қадалып, үңіліп бітесің. Титтей мұлт кетсөн, бүлдіресің... Қазіргі адамдар шыдамсыз фой, күнім. Титтей ауырса, жаны шығып кете жаздайтындаі көреді... Содан сол, сак қимылдамасаң болмайды... Әлгі Кәмеш бәлені көрмейсін бе? Қүйеуімен Сарыагашқа барып, Ташкентке, Самарқанға қызырыстап келіпті. Сонда жүргенде ауырдым, бір аптаға бюллетенім бар, дейді. “Жәй, сенен жағдайды білейін деп едім” деп сипактатып, менен сыр тартып тұрганы фой, — деп бір пара әңгімені жөпелдемелете айдал өтті Гүлдария. Арасында Гүлдарияның Балтотысы “мамочкалап” келе қалып, “Мамочка, бізде бүгін Москвадан келген феномен дауысты артистің концерті, соған барамын, асығыспын”, — деп төрт-бес конфетті уыстап ала салып, ол кетті.

Соған қарамастаң, әңгіме екі жаққа да қызықсыз емес сыңайлы, бір түрлі ынтызарлы Алуа да, Гүлдария да көніл қошымен шүйіркелесіп отырған сөті еді. Тағы да телефон шылдыры бөліп жіберді. “Тағы да қайсысы болды екен?..” — деп телефон құлағын тыжырына тұрып қолға алды Гүлдария. Жоқ, бұл жолы Айдосты сұрамады. “Әу?!.. Алуа?..”. Бұл жолғы телефон Алуаның үйінен болып шықты. Бала-ның дауысы-ау. Гүлдән Алуаға ежірейе қараған бойда “сені” деп басын изеп, телефонды оған ұсына берді.

— Мама, папам үйге қайтсын дейді, — деп түр Мадияры ай-шай жок.

— Гүлдариянікіне барамын деп айтып едім фой?.. Тамақтарынды іштіндер ме? Тоңазытқышта тамақ түр фой?.. Зере жылаған жок па? Жарайды, қазір келемін, балам!.. Сөй деп айт, әкене. Қазір... осы қазір...

Алуа осыдан кейін байыздап отыра алмады. Гүлдариядан сылтауруата келген бір флакон шырғанақ майы дәрісін

алды да, қайтуға жиналды. Гүлдария бұл дәл есіктен шығарда, босағаға сүйсніп, тісін шұқылай тұрып: “Кейін тағы сөйлесерміз, сен келіншек құтырайын деп жүрсің”, – деп күле сөйлеп, ұзатты құрбысын.

Үйдің іші лезде құлағынан шығарып, тым-тырыс бола қалды. Ыдыс-аяқты жинасымен, кір үтіктемек болды. Үтік істемейді. “Үтікті жөндеуге бере салшы, Айdos” деп қақсап жүргенін он шақты күннен асты. “Ертең... Ертең”. Ертеңі таусылмайды онын. Жиналып қалған кірді жуды. “Байғұс бала кайбір онған жерде жүреді дейсің, шұлығына дейін ми батпан, кірден көрінбейді. Оңайлықпен ашылмайды. Жейде, майкісіне дейін темекі сасиды... Өстіп сенделумен өтер ме екен, байғұс бала, әлде оңалып, адам бола ма? Қайда жүр екен? Әлдебір шатаққа ұрынбаса болдығой, берекесіз?.. Түннің қай уағында келер екен? Аман болса екен, мас болса да, неғұрлым ертерек келіп, жөнімен үйіктаса екен? Бір жерден тамақ ішіп келе ме, әлде ішек-қарны шұрқырап, көзі бозарып келе ме, сорлы?” Осылай ойы сан сакқа бытырай, күйзеліп тұрган шағында, есік коңырауы шылдырлады. “Е-е, керім болды-ау, қайсысы келді екен?” – деп үмтыта жүгіріп есікке барды да, “Кім бұл?” деп дыбыстады. Құлағын төсеп тыннады.

– Балтотымысың?..

– Иә, иә, мамочка!

Қызы сампылдай кірді.

– Ой, мамочка, қандай сүмдүк чудесный концерт!. Керемет!.. Феномен!.. Понимаешь, өзі еркек, ал дауысы сзылған өйел?! Мөп-мөлдір!.. Альт дауысты еркек... Дүние жүзінде мұндай өнші жоқ.

Балтоты бір аяғының туфлиін ғана шешіп үлгеріп, әлі плащиын да шешпей енкейген бойда осыны айтты.

– Барғой, өзін көрмей тұрсан, еркек деп ешбір ойламас едің... Қыын-қыын романstar, ариялар айтады... Аузын ашса, өн көмейінен құйыла береді... Керемет! Жүрт “Браво!.. Браво! Бис!.. Бис!..” деп айғайлап, өліп қала жаздады. Қыздар шетінен жүгіре гүл тапсырып, ғұлдің астында қалды. Әсіресе, орыстар түрегеліп қол сокқанда, зал күнгірлеп кетті. Фажайып!

Қызы бұдан көтере мақтауға тілі жетпеді. Қатты риза болғанын сезіп түр Гүлдария. Ең разы болған кездерінде “Фажа-йып!!” дейтіні бар еді. Сол “Фажа-йып!!” дейтін өсіре бағасын да айтып жіберді-ау...

– Тамаша болған екен!.. – деп қызының қолынан пла-  
шын ала берді.

– Понимаешь, мамочка, өзі қазак. Москва консервато-  
риясын бітірген екен. Гурьевтің жігіті дейді. Понимаешь,  
чабанның баласы... “Москонцертте” солист көрінеді. Әйелі  
татар қызы екен..

– Жасы қай шамада екен?

– Отызға әлі толмаған... Понимаешь, қыр мұрынды,  
шашы қап-қара, үп-ұзын, қалай еді былай, екі құлағына  
қарай селбіретіп жіберген... Бір балам бар дейді.

– Өзі айтты ма?

– Концерт соңында жұрт сұрақтар қойып еді, айтты  
өзі...

– Аты-жөні кім деген?

– Құрманғалиев Ерік... Кәдімгі қазақтың қарапайым  
баласы... Қазақшаға судай... Сондай мәдениетті өзі...  
Скромный сондай... Майысып тұр... Концерттен соң қызы-  
дар қоршап алып, автограф алдық...

Сұр телефон тағы да безілдеп қоя берді. “Ә-ә, Айdos  
па екен?” деген оймен алған еді Гүлдария телефон құла-  
ғын. “Лаура екен...”. Дауысынан бірден тани кетті Гүлда-  
рия. “Тәтешка” деп имене сөйлеп тұр.

– Кеш звонить еткениң ғафу етіңіз, тәтешка!

– Иә, Лаура, хал жақсы ма? Жайша ма? Балалар аман-  
шылықта ма?..

Сол бір баласының тісі ауырып, жылай берген соң, са-  
сып телефон соғып тұрғанын айтып тұр Лаура.

– Тісім-тісім деп, қолды-аяққа тұрмай, шырқырап  
тұрған соң, қайтем деп сізді мазалауға тұра келіп тұр...

– Ас содасын қосып, жылы сумен шайқат... Соңынан  
грелка қойса да болады... Басылмаса, ертең емханаға  
әкелерсің, – деп кенесін айтты оған.

Лаура француз тілінің маманы. Бұның Балтотысы  
окитын Өнер институтында сабак береді. Балтотымен де,  
бұнымен де сәлемі тұзу, әп-әдемі сынық мінезді келіншек.

“Сасқан соң, қайтсін?.. Бұл да мен секілді семьяда жолы  
болмаған келіншек... – деп ойлады Гүлдария трубканы ор-  
нына қоя беріп... – Екі рет тұрмыс күрған. Екеуі де сәтсіз  
болған... Екі күйеуінен де бала көрген... Еркек деген немене,  
баланы таптырады да кете барады... Бар totanaғын көретін  
әйел байғұс...” Гүлдария ішінен осыны ойлап жүріп, қызы-

на шай демдеді. “Тамақ іш, қызым... Аш жатпа... Денсаулық десен бір шетінессе, шетіней береді. Қайтып орнына келмейді...”

### Бала – бауыр етің

Алуа қызметкес барудың өзін қызық көрседі. Біріншіден, қызмет істейтін үйдің өзі керсмет: сырты да сәнді, түрған жері де Алатаудың бүйрат бектеріне иек артқан қолатта, Кіші Алматы өзенінің жағасында, салқын да сабат ауа құшағына малынып тұрады. Айналасы өсем гүл, жайқалған ағаш.

Орталықта деуге келмейді, бірақ та Алматының ең айбынды дессөң айбынды, асқақ дессөң асқақ дәстүрлі шаңырактары Республика атындағы сәулестті сарай да, шашақты тақиясымен көккс мойнын созған зәулім “Қазақстан” мейманханасы да, “Арман” кинотатры да тиіп тұр. Қоқтөбес жанына иек артқан әйгілі аспалы жол да жанында. Көк күмбезінде баяу ғана калықтап ұшып бара жатқан құс сынды көрінетін онын “вагондарына” балалар емес, үлкендердің өзі таңырқай қарап қалмай ма?!. Партия тарихы институты, Саяси ағарту үйі, Орталық музей мен Фылым Академиясы секілді ірі-ірі мәдени, фылыми шаралар өтіп тұратын әйдік залдары мен сахналары бар өркешті шанырактардың бәрі де осы манда. Тіпті, байтақ республиканың өнер сахнасы сынды теледидар мен радио студиялары да бұлардан қашық емес. Алуа өзі басқаратын балалар хорының бүлдіршіндерін ертіп, әлгі шанырактардың бәріне де сан мәрте барып жүр. Бәрі де қашық емес. Сол өзі қызмет істегелі бергі он-он екі жыл бедерінде шанырактардың кай-кайсысына да ешқандай көлік іздел сарсылмай, козы-лақша секірген балалары томпандай басып, оп-онай, өз аяқтарымен бара қояды. Дүйім көп жүрт жиналған сан жиналыс, мерекелерде балалар хоры өнерін көрсөтіп жүр. Бұларға атак-данқ керек емес, ақы керек емес, қауырсын қанат балапанша талпынған, бүршік жарған өнерлері халық, жүрт сарабына түскені жетіп жатыр. Қалың елдің дүр-р соққан алаканынан артық не бар албырт жүрек бүлдіршінге!

“Жаса!”, “Жарайсындар!” дес дауыстап жатады жүрт, жас өндірге одан артық сый-сыяп болушы ма еді? Бұ-

ыршын қанат тұлсектерді баулыған Алуа өз-өзінен масай-  
рап жүреді.

Алуа қызмет істейтін Пионерлер сарайының ішінсі кіріп  
көргенің бар ма? Бармасаныздар, орайы келгендес, барып  
корініз. Еш өкінбейсіз. Ол үйдің, үйдің дейді-ау, үйренген  
ауызға ис жорық, әсем ғимараттың десе сыйымды, “Бар  
асылымыз – балалар” деген ұранымыз осы тұста расқа шы-  
гатынына күмәнің болмасын. Ол ғимараттың сырты да  
сымбатты екені сонадайдан-ақ көрінеді, ал іші, іші бар гой,  
тіптен керсемст! Кірсе шыққысыз. Қен сарайдай кербез сәү-  
лесті залдары, төбессінен сөукеле сынды салбыраған, мөлдір  
моншак люстралары, сан түрлі сртегіні еске салатын бояу  
суретті қабырғалары, тіпті ашық орнектері көздің жауын  
алған жып-жылтыр паркетті едендеріне дейін жанына се-  
белеп нәр құймай ма? Қазіргі заманғы техника, күрылые  
пен сәулелет өнерінің мүмкіндіктері молынан пайдаланыл-  
ған, “қыздың жиган жүгіндей” жинақы да әсем ғимарат кой.  
шіркін! Мұндай орында қызмет істеудің өзі мерей емес  
пе?! “Алуаш, қанс, тында, қарағым, осы қаланың қай  
жерінс, қандай орында қызмет істегің келеді, ойып алыш  
берсемін” десе ол осы Пионерлер сарайын атай алар ма  
еді?.. Ол қайдан ойына келсін? Мұндай кербез ғимаратты  
өңі түгіл, түсінде көрген емес. Әкесі марқұм Василий  
Данилович шалғайдағы селолық ауданда, ауыл шаруашы-  
лығы басқармасында, кейіннен совхозда мал дәрігері  
болып істеген. Бұлар тау бектеріндегі аудан орталығы –  
Жалаңаш селосында тұрды. Тұрған үйлері де, оқыған  
мектебі де көзге қораш, слесусіз үйлердің бірі-тін. Бар  
көрнектісі төбессінде ирек, боз шифермен жабылған  
қодырайған шатыры болушы еді. Ал ондағы Пионерлер  
Үйі мектептің ауласындағы аядай ғана екі бөлмелі ағаш  
үйге орналасқан-ды. Ішінде столдар, әртүрлі газет- жур-  
налдар, шкафтар болушы еді. Пионерлер сонда жинальын.  
жындар өткізетін, газет-журналдар оқып, тақпактар жат-  
тайтын. Ал Пионерлер Сарайының мұндайлық сән-салта-  
ннатты болатынын кім көрген, кім білген?..

Өзгесін айтпағанда бұлардың бүгінгі Пионерлер Сарай-  
ын көруге келген, түү Америка, Канаданың өкілдеріне  
дейін таңдай қаға тамсанып, көніл қоштарын жасыра ал-  
май, “эксслент”, “этизы айс”, “зер гут”, “тамаша” десін  
кетеді. Ол ғана ма? Бәрінен бұрын осынау кербез ғима-  
раттың ішінде қауызы сиді ғана ашылған гүл рәуішті

бұлдіршіндерге, олардың күміс күлкісіне қалай сүйсінбейсің? Кейде балалық қызықтарын қызықтап қарап түрғын келеді. Жанды сурет қой, суретті кино дерсін?! Бұлардың арасында жүріп, сөт сайын кино көргендей мәз болады Алуа. Балалардың қылығы қандай сүйкімді. Ішің әсте пыспайды. Балалармен жұмыс істей жүріп, сағаттың қалай өтіп кеткенін де байқамай да қалатын кездері аз емес оның. Үйдегі балалары, отбасы күтіп қалады демесе, осы көңілді ортадан әсте кетпей жүріп алар ма, әлде?! Мадияры осындағы жасөспірім суретшілер үйірмесіне келе бастагалы оның да, мұның да бұл ортаға ынтызары бұрынғыдан бетер өрши бастағаны бекер емес. Өз үйлеріндегі болып барады бұл шаңырак. Босаға күзетуші вахтер, тағы да бірді-екілі мамандар болмаса, қызметкерлердің бәрі де өзі құралпас, тіпті бұдан да жас қыз-келіншектер мен жігіттер. Бәрі де инабатты, мәдениетті орта. Алуаның институт бітірісімен осындай орынға топ ете түскені атасы Сейіл Жанпейісовтың беделі ғой. Ол кісі көп жыл қаржы министрі болып еді. Дербес пенсияға шыққанына бес-ак жыл... Әйтпесе, дипломды енді алған, тәжірибесі шамалы мұндай шикі өкпе маманға бүкіл республикаға аты мәшінүр, мұндайлық үлкен шаңырактан бірден орын тиे кою қайда? Алуа мұны түсінбейді емес, әбден-ак түсінеді де, бағалайды. “Атамның атына сөз келтіріп алмайын” деп бұл да алғашқы жылдан бастап-ак тырмысып, тырбанып жүр. “Бетегеден биік, жусаннан аласа” жүруге тырыс, жұмысына бакуат бол, балам” деп құлағына құйған атасы. Орталық журналдарды, әдебиеттерді актарыстырып, балалар хорына арналған репертуар қарастырып, жатпай-түрмай шарқ ұрады. Өзгелерге ұқсан, емшекте балам бар деп сылтауratтай, не жұмыс тапсырса да, бас тартпай, құлышынады. Музықант, композиторлар ортасына, әр түрлі шараларға, мектептерге, кәсіпорындарға барғыштап, тыным таппайды. Әтуре-сарсаңы көп болғанымен, бір күнінен бір күні қызық жұмыс қамы, жекелеген табыстар мен жылы лесбіздер де көңілге тоқ сезімдер әкеледі. Көңілі хош!..

- До-ре-ми-фа-соль-ля-си-до...
- До-ре-ми-фа-соль-ля-си-до...

Енесі ұшып жүріп, бір жақтан жем әкелгенде, ұядығы үртек балапандар жапырласа аузын ашпай ма?.. Құдды, солар тәрізді бұлдіршіндер көздері нұр жайнап, мойын-

дарын соза тұрып: “До-ре-ми” деп өңештері өңірейіп, көмекейлеріне дейін көрсете, дыбыстағанын көрсөн.

Әуелгі әліппе солай-ақ басталады.

– Дауысынды созба... Күшенбе... Көмейден айт, көмейден!

– Қолдың сермелуіне қарап, ырғақпен айт!.. Иә, ритм!.. Ырғақ!..

Ай-гө-лек-ау... Ай-гө-лек...

Ай-дың жұ-зі дөң-ге-лек...

Ай-дай сұ-лу ә-же-ге...

Ай-дай сұ-лу қыз ке-рек...

Балаға сөз керек емес, іс керек. Көзбен көргені, құлақпен естігені керек. Көргенін де, естігенін де қағып алады бала.

Баламен жұмыс істеу деген қызық! Бірінен-бірі титімдей де қалықсызы келмейді бала. Әлденеге келіспей, қабак шытысып, арбасып қалуы да оңай. Қайтымы да солай опондай...

Соның бәрі қызық Алуа үшін. “Тек оларды жалықтырып алмау керек. Бір жаңалықтан екінші жаңалыққа, бір қызықтан, бір қызыққа еліктіре біл! Білмекке ынтызарын оятып, талабын қанаттандыра білсен, шырқай самғау, ұшуға әзір бала қиялышы...” Сонысына қызығады, Алуа.

– Алуа апай!

– Алуа апай, мені тынданызышы!

– Менікі дұрыс па?.. Мен мұрыннан айтпаймын ба?.. Енді қандай ән үйренеміз?

Кейде бәрі қатар жамырап, шұрқырап кетеді. Сұрамайтыны жоқ.

– Кезек күтіп сұрандар. Өздерің ойландаршы, бәріңс қалай қатар жауап беремін?..

Балалар үндей алмай, жым-жырт бола қалады. Соңсона, қайта шұрқырайды. Әлгі айтқан ескерту жайына қалады. Ұмытып кетеді. “Әйтпесе бала бола ма?.. Балалармен жұмыс істеудің машақаты аз емес. Кейде құлағың тұнады. Не айтып, не қоярынды білмейтін сөттерің де болады... Бірақ та, машақатынан рахаты көп екеніне күмәнің болмасын...”

Алуамен пікір алысқан сөттерінде ол өз жұмысының өзіне үнайтынын, риза екенін, керек болса, кәсібін мақтанаңыш ететінін баса айтады.

“Кешегі қауырсын қанат шәкірттерің шырқай ұшып, кияга самғаганын көріп, бұларды баулыған өзің екенінді сезіну – бақыт! Шәкірттерінің ішінде Манаш Ақжановтай, Айсұлу Қосдәүлетовадай өнерлі таланттар болса, екі есе, үш есе бақыттысың! Манаш пен Айсұлудың дауыстары бірінен-бірі өтеді. Екеуі де музыканың дем-тынысын нөзік аңдайтын... Кез келген музыка өуенін қайтала десен, бірден айналаудай қайталайды... Ондай балалармен жұмыс істеу оңай... Олар хормейстердің көмекшісі, тірегі, оң қолы тәрізді... Хор ішінде ондай ұл бала мен қызы болған кезде жетекші ұстаз болу анағұрлым оңайлады. Жүгін женілдейді... Ән өуенін, әрбір иінін өзің әлсін-әлсін қайталап әуре болмайсың... Әлгі Манаш, Айсұлударға қайталата-сың... Сонан кейін басқа балалар оңай үйренеді... Бала десен ашылмаған гүл деп ойлаймын. Шуағыңмен жылытып, аялап, баулысан, гүл жеткектеп өседі, күлтелерін жай-калта ашады...”

Жұмысы жайында әңгімелескен кезде Алуаның айтары көп. Қоңылдене сөйлейді. Өмірінің шуақты да, мағыналы тұстары осында деп ойлайды. Қуаныш та көп, ләzzat та коп, мерей де аз емес. Наградалар, қошеметтер, грамоталар, ата-аналар алғысы. Алматы Пионерлер Сарayı балалары Хорының орындауында Москва, Алматы радиосынан берілгенде, республикалық, қалалық конкурстарда жүлделер мен грамоталар алған мәртебелердің өзі неге тұрады? Еңбегің жану емей немене бұл?!.

Үйге барса, Мадияры мен Зересі көз куантады. Жанына дауа. Апта сайын барып тұратын теннис ойыны бойы сергек, құнтиып жүруіне себін тигізеді-ау. Ата-енесі де бүгінгі өмірдің қыр-сырына оңтайлы, онды адамдар болып кезікті. Ең тәуірі адамгершілігі мол, ар-үятқа бекем жандар. Алуаны алақандарына салып, өз баласындей-ақ әлпештеп келеді. Өте-мөте немересі Мадияр дегенде олардың шықпаған жаны. Екеуі де өліп-өшіп, ол дегенде тәніп тұрады-ау. Немересінің киімі де, ойыншиқтары да, тәттідәмдісі де солардың мойнында. “Сендер Мадиярга алаң болмандар! Бұл біздің бала!..” деп қалт етсе, оны сүйрей кашады атасы. Мадияр мінеки, он бірге аяқ басып, кәдімгідей серайген жігіт болып қалды. Ал, олар оны әлі күнге дейін күн мен желден қорғаштап, күндіз-түні үтеп-

сүптсуге әүес. Алуа олардың көзінше ол баланы айналып-толғанып та қоймайды. Мұны олар инабаттылыққа балап, “көргенді келін”, “ибалы келін” атандырып жүр бұны. Бұл сөзді естіген Алуа да, онан сайын әдеп пен иба кәделерінс мойынсұна түскендей, алдарынан қия өтпейді, қигаш қылығын көрсетпейді. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ, Сәрсен жайы, мінезі мен ғұрпы қөңілін құпті қылып жүргені өзгеге құпия болғанымен, өзінс аян. Алғашқы жылдарда бәлендей мән бере қоймаған еді. “Басылар, үйренісе келе, қояр” деп те ойлады ма?.. Оның үстіне, салған жерден аяғы ауырлап, балалы болды да, алғашқы екі-үш жыл бөле күту сарсаңынан шұбатылып, қалай өте шыққанын білмей де қалды-ау?.. Ата-енесінің “Алуаш та, Алуаш” деп елпілдеп тұрғанына еріп түсті ме, қөңілінде қобалжу, алабұрту дегенді білген де емес еді... Содан кейінгі жылдарда, үй тірлігі мен жұмыс қалпы қалыптаса түскеннен кейін, мұны мен Сәрсенниң үйдегі кәсібі мен дағдысы өзді-өз сипаттарымен, өз өуендерімен алшактап, бірін-бірі түсінбегендей, қолдамағандай, кейде соның тәнірегінде дүрдараздық, кейде кейіс пен керіс шаң беріп жүргені де өзгеге жасырың, бұл үшін айдай аян ақиқат. Кейбір жаңга жайлы күй дейсің! “Тартады аққу көкке, шортан суга” дегендей, бір берекесіз хал. Бұлардың осылай бірде – біс, бірде – түйе, әрі-сәрі күй кешіп жүргендерін атасы мен енесі сезбейді емес. Сезеді, сірә. Олар есті жандар. Алуага қояр кінәлары жоқ. Бірақ та, іштен шыққан балалары емес пе Сәрсен? Оны да қимайтын секілді, баласының қылығы қанша қөңілге қонымысыз болса да, “әрі кет” дей алмайды. Сонымен, әрі-сәрі хал ұзап барады, уақыт өтіп барады...” Алуаның күнделігіне осындағы жазулар түскен.

Сірә, атасы Сәрсенге қадала, айыбын бетіне баса айтқан кездері де болған-ау?!. Енесінің айтуына қарағанда, әрине. “Үндемей құтылатын көрінеді Сәрсен... Сүйекпен біткен мінез, өзгере қою оңай ма?.. Әйткенмен, оңалар, не көрініпті?.. Сен де жон арқанды беріп, керги берме, Алуаш. Атаң екеуіміз сен дегенде “ақ еткенде, тақ етіп”, саған шаң жуытпайтынымызды білесің фой, Алуаш?.. Айналдым, сары алтыным!..

Бізге Алуадан өзге келіннің керегі жоқ, бұдан артық адам болады деп айта алмаймын... Көзі қек болғанымен, жүргегі аппақ келінім!.. Оның үстіне бір емес, екі бала бар...

Енді түстен кейін келіп, қырги қабақ болғандарың түк ақылға сыйса, бұйырмасын. Сендердің қабактарыңа қараң, кайсыбір күндері түнімен дөңбекшіп шығамын!.. Анау алтындаі балалар, Мадиярым мен Зерем, айналайындарға өз әкесіндей әкес, өз шешесіндей шеше қайдан табылар дейсіндер? Тіл-аузым тасқа! Ондай күндерінді корсетпендер бізге...” Енесі Ұлдақан байғұс кей-кейде өз-озінен отырып, көзіне жас алып күйзеле сөйлеп кететіні бар... “Баламды мақтап отыр, жақтап отыр деме... Оны жамандағанда маған біреу жақсы баласын бере ме?.. Оның қисығы болса, сен кешір... Ол сенікін кешірсін... Бірінді бірің, кешіріндер, анау екі бала үшін!.. Баланы ойландар!.. Мінез деген немене, түптеп келгенде, бәріне де төзуге болады. Төзім керек, шыдам керек, балам!.. Жүректерің таза болсын!.. Жүрек таза болса, бәрін де жөндсуге болады!..” Бұрын бұндаі сөздерді айтпайтын Ұлдақан шешей, кейінгі кезде осындай сөздерді де ауызға алатынды шығарып жүр. Сондағы айтпағы не? “Сондағы айтпағы ис? Сардар Камаловичті ойфа ала ма? Менің тіке келген ажалдан аман қалуым, Мадияр немересінің аман-ссен дүниеге келуі, тек сол Сардар Камаловичтің еңбегі екенін бәрі де білмей келе ме?.. Оған мәңгі бақи қарыздармыз дегенді, алдымен ауызға алған өздері емес пе еді?!.. Шілдехана тойына, нәрестеге ат қоярға келгенде, немересінің аты Сардарға ұқсас Мадияр болсын, ол да Сардар Камалович ағасындаі үлкен профессор, ардақты азамат болып өссін!” деген ұсыныс айтып, ак батасын берген Сейіл Жәмпейісович атасының өзі емес пе еді? Енді келіп, кешегі күнді ұмытып, еш кінәсі жоқ, ақәділ жан Сардар Камаловичтің атына кір жағу, қайдағы жоқты қонырсыту, адамгершілік бола ма?.. Басқа басқа, Сардар Камаловичтің басына қазір онсыз да бұлт үйіріліп, қызметінен алынып, қоңілі мұқалып жүрген шағында қандай ерсі сөзді күнсіту, тілтен обал емес пе?..”

Алуа қатты толки жүріп, күнделігіне осылай деп жазған.

Алуа осыны ойлағанда, күйіп кете жаздайды. Жаны одан сайын жасиды. “Сардар Камалович пен Алуа жұмыстап қолы бос уақыттарында жиі жолығатын, қыдырыстайтын көрінеді, теннис ойнайтын көрінеді...” Сол да сөз болып па... Оның жасыратын иссі бар? Бірнеше жылдан